

5 *Buchala K.*, Prawo karne materialne, Warszawa 1980, с.727 и проч.; *Andrejew I.*, Polskie prawo karne w zarysie, Warszawa 1971, с. 382 и проч.

6 Информации получены на основе анализа материалов уголовного дела перед Окружным Судом в г. Вроцлаве по которому обвиняемые в 2016 году были осуждены за участие в преступной группировке и ряд мошенничеств.

7 Большая сумма, принимая во внимание, что согласно статистическим данным (<http://stat.gov.pl/sygnalne/komunikaty-i-obwieszczenia/lista-komunikatow-i-obwieszczen/>), средняя заработная плата в Польше составляет около 4 тысяч злотых.

8 *Kukula Z.*, Dochodzenie roszczeń majątkowych w postępowaniu cywilnym a oszustwo sądowe MP 2006/12 s. 638; Решение Верховного Суда с 13 декабря 2006 г., V KK 104/06, LEX номер 295629.

9 Постановление Президента Реч посполитой со дня 11 июля 1932 г.– Уголовный кодекс (Dz.U.1932.60.571).

10 Законсо дня 23 апреля 1964 г. – Гражданский кодекс (Dz.U.2016.380 j.t.).

11 *Kukula Z.*, Dochodzenie roszczeń majątkowych ... s. 634 и проч.

12 *J. Potępa.* Критический комментарий к решению Верховного Суда Польши от 5 мая 1960 г., V K 348/60, OSPiKA Nr 6/1962. - P. 364.

13 *J. Biednarzak*, Przestępstwo oszustwa w polskim prawie karnym, Warszawa 1971, s. 146.

14 *P. Kardas, J. Satko.* Przestępstwa przeciwko mieniu. Przegląd problematyki. Piśmiennictwo. 1918-2000. - Kraków. 2002. - P. 76.

15 Вексель, в котором отсутствует один или несколько обычных реквизитов (напр., подпись векселедателя, сумма, дата выставления). Может быть выпущен как трассантом, так и плательщиком в результате так называемого бланкового акцепта (прим. авторов).

16 Информации получены на основе анализа материалов уголовного дела перед Окружным Судом в г. Вроцлаве, по которому обвиняемые в 2014 году были осуждены за ряд судебных мошенничеств.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ЖАЗАНЫҢ ТҮСІНІГІ

*Машабаев А.Ж., з.ғ.к., доцент, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі  
Манненова Д.М., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Жаза проблемасы сандаған ғасырлар бойына тек заңгерлерді ғана емес, философтарды, социологтарды, қоғамтану саласындағы өзге де мамандарды ойландырып келе жатыр. Жаза мәселелеріне қылмыстық құқық теориясында үлкен мән берілген. Қылмыстық құқық теориясында жазаның түсінігіне қатысты оның үш сипаттамасын қарастырған, олар: мәні, мазмұны және белгілерлі. Соңғы кездері қоғамда орын алған түбегейлі өзгерістерді, заңның елеулі түрде жаңаруын ескере отырып жазаның мазмұнын мен мәнін талдау барысында көп нәрсеге жаңа көзқарастар қалыптастыру қажет болуы мүмкін.

Ең алдымен «жазаның мәні» және «жазаның мазмұны» деген түсініктер арасында айырмашылықты ұғынып алу қажет. Бұл түсініктерді барлық жерде араластырып жатады. Мысалы, қылмыстық құқық оқулықтарының қайсыбір авторлары былай деп жазды: Жаза – мәжбүрлеу шарасы. Кез келген қылмыстық жазаның спецификалық жазалаушылық мәні осында. Ол сотталған қылмыскердің жеке, еңбек және мүлктік құқықтарын шектеу немесе олардан айырудан көрініс табады. Көріп отырғанымыздай бұл арада жазалау мәні жазаға саяды. «Жазаушылық мәні» болса, онда басқа «жазаламаушы мәнін» де табуға болады. Әдебиетте, жазалау мәнінің өзі – жаза делінген көзқарас та болды. Бұған қоса, жазаның мәні мен мағынасы арасындағы айырмашылықты қалай да анықтау үшін автор оның мағынасының құрамына жазадан өзге тәрбиелік шараларды да қосады. Мұндай жаңылысу жазаның мазмұны мен мәнін бірдей құбылыстар ретінде қарастырудан туындап отыр. Осындай көзқарасты профессор Н.Стручков мейлінше реттілікпен негіздей алды. Оның пікірінше, «Жазалау мәні – жалпы жаза, ал жазалау мазмұны – нақты жалауға тән жаза».

Қазақстанда бұрын қолданыста болған қылмыстық заңнамаларда жаза ұғымының анықтамалары болмады. Сондықтан болар жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін құқықтық әдебиетте ол жөніндей әртүрлі анықтамаларды кездестіруге болатын еді [1, 5]. Олардың бәрі бір-бірінен қанша айырмашылықта болғанымен, өздерінің мазмұны жағынан бір арнаға

күйгәндәй болып, жаза қылмыс істегенге кінәлі адамдарға қылмыстық заңнамалардың негізінде сот қолданатын мемлекеттік ерекше мәжбүрлеу шарасы дегенге саяды.

Қылмыстық жаза - қылмыстық заңмен ғана белгіленеді, осы міндетті – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жүзеге асырады. Кодекстің негізгі міндеттері - адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын-алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді. Қылмыс жасау, яғни Қылмыстық кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Қылмыс жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында бірдей.

Қылмыс жасаудың да себептері әр түрлі. Біреулер қылмысты абайсызда жасаса, енді біреулері заңды білмеуден, енді бірі қасақана, тағы басқалары арақ, есірткі заттардың буынан қылмысқа барады. Жоқшылықтан қылмысқа баратын, керісінше баршылықтың, байлықтың арқасында не істерін білмей қылмысқа ұрынатындары да кездеседі. «Тамағы тоқтық, көйлегі көктік аздырар адам баласын» деген қанатты сөзді ұлы Абай осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтса да, өзінің құндылығын осы уақытқа дейін жоғалтқан емес.

Кез-келген қоғамдағы қылмысты - азайтатын да, көбейтетін де, сол мемлекеттегі әлеуметтік жағдай мен экономикалық ахуалдың деңгейі. Қоғамның дамуына байланысты әр кезеңде қылмыстың, жазаның да дамып, өзгеріп отыратыны заңды құбылыс [2, 329]. Еліміздегі жұмыссыздық, халықтың әлеуметтік жағдайы, идеологиялық саясат, қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты – қоғамымызда ауыр қылмыстардың өсіп жатқаны баршамызға аян.

Қылмыстық жаза - қылмыстық заңмен ғана белгіленеді, осы міндетті – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жүзеге асырады. Кодекстің негізгі міндеттері - адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын-алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді. Қылмыс жасау, яғни Қылмыстық кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Қылмыс жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында бірдей.

Қылмыс жасаудың да себептері әр түрлі. Біреулер қылмысты абайсызда жасаса, енді біреулері заңды білмеуден, енді бірі қасақана, тағы басқалары арақ, есірткі заттардың буынан қылмысқа барады. Жоқшылықтан қылмысқа баратын, керісінше баршылықтың, байлықтың арқасында не істерін білмей қылмысқа ұрынатындары да кездеседі. «Тамағы тоқтық, көйлегі көктік аздырар адам баласын» деген қанатты сөзді ұлы Абай осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтса да, өзінің құндылығын осы уақытқа дейін жоғалтқан емес [3, 187].

Кез-келген қоғамдағы қылмысты - азайтатын да, көбейтетін де, сол мемлекеттегі әлеуметтік жағдай мен экономикалық ахуалдың деңгейі. Қоғамның дамуына байланысты әр кезеңде қылмыстың, жазаның да дамып, өзгеріп отыратыны заңды құбылыс. Еліміздегі жұмыссыздық, халықтың әлеуметтік жағдайы, идеологиялық саясат, қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты – қоғамымызда ауыр қылмыстардың өсіп жатқаны баршамызға аян.

Қылмыстық жаза мемлекеттің адаммен істелген қылмысқа қарсы әрекетін білдіреді. Қылмыскер үшін жаза-бұл оның істеген қылмыстық әрекетінің қылмыстық-құқықтық салдары.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 39-бабының 1-бөлігінде жаза ұғымы былайша анықталады: «Жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу

шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады».

Бұл тұрғыда өзіндік ерекшеліктер бар бірнеше белгілерді бөліп қарауға болады, ал олардың қосындысы жаза ұғымын құрайды.

Біріншіден, жаза-бұл адамның қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылықтар (әкімшілік құқық бұзушылық, тәртіп бұзушылық және т.б.) істеуіне мемлекеттің қарсы әрекеті ретіндегі мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы. Бұл шараның ерекше сипаты – ол қылмыстық заңмен қылмыс ретінде қарастырылған әрекет үшін ғана тағайындалуы тиіс.

Екіншіден, жаза тек қана мемлекет атынан соттың үкімімен тағайындалады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 1 тармағына сәйкес, «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы 1-бөлігіне сәйкес, «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады».

Мемлекет атынан шығарылған және қылмыс істеуге кінәлі деп танылған адамға жаза тағайындауды анықтайтын айыптау үкімі істелген қылмыс пен қылмыскердің өзіне берілген мемлекеттің ресми бағасы болып табылады. Осыған байланысты жаза қылмыс істеген адамды мемлекеттің айыптауы саналады.

Үшіншіден, заңда көрсетілген тәртіппен сотталған адамды жазадан босату, сондай-ақ тағайындалған қылмыстық жазаны жеңілдету тағы да сот арқылы жүзеге асырылады. Тек қана рақымшылық және кешірім беру актілермен жазадан босату немесе жазаны жеңілдету Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Парламент немесе Республика Президенті арқылы жүзеге асырылады, ал басқа жағдайларда бұл мәселелерді шешу тек соттың міндеті болып табылады. Бұл да қылмыстық жазаның басқа мемлекеттік күштеу шараларынан мәнді өзгешілігін көрсетеді.

Төртіншіден, мемлекеттік күштеу шаралары ретінде қылмыстық жаза қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмысты жасаған кінәлі адамға қолданылуы мүмкін. Яғни, бұл жерде жаза адамның кінәлі түрде істеген іс-әрекетінің қылмыстық-құқықтық зардабы болып табылады [1, 345]. Сондықтан да қылмыстық заңда «адам өз кінәсі анықталған қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиісті», - делінген. Сондай-ақ әрбір істелген қылмысқа жаза тағайындалу міндетті емес. Мұның мәні мынада: егер тергеу жүргізген немесе істі сотта қараған кезде жағдайдың өзгеруімен байланысты кінәлінің істеген қылмысының қоғамға қауіпті мәні жойылса немесе оның өзі қоғамға енді қауіпті емес деп танылса, қылмыс нышандары бар іс-әрекет жасаған адамды жауаптылықтан босатуға (ҚР ҚК 70б.) болады.

Бесіншіден, жаза қашанда қылмыс істеген адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеумен байланысты, оған белгілі бір моральдық жапа шегуге әкеп соғады және белгілі бір игіліктерінен (бостандығынан, мүлктік игілігінен және басқалардан) айырады. Олар моральдық, жанға бататын, материалдық және басқа түрлерде болуы мүмкін. Мысалы, бас бостандығынан айыруға сотталған адам бірқатар жеке құқықтарынан және ең алдымен бостандығынан айырылады. Мүлкін тәркілеуде мүлкіне, айыппұл салуда материалдық жағдайына нұқсан келтіріледі. Жазаның жазалау элементтері үрейлендіру, қорқыту қасиеттерімен көрінеді. Жазалау жазаның ауырлық дәрежесін көрсетеді, жазалау неғұрлым қаттырақ болса, жазаның ауырлығы да соғұрлым жоғары болады. Өз кезегінде тағайындалатын жазаның ауырлығы істелген қылмыстың ауырлығына, қылмыскердің тұлғасына және іс бойынша басқа да мән-жайларға байланысты болады.

Жазаның міндетті түрдегі ішкі қасиеті ретіндегі жазалау жөнінде айтқанда, оның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазалау жазаның мақсаты ретінде қарастырылмайтының ескеруіміз қажет.

Жазалау деп жазаның мәжбүрлеу, күштеу жағын ұғыну керек, яғни заңға сәйкес сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу немесе олардан айыру. Ол жанға бататын, моральдық, материалдық және өзге де сипаттарда болады. Егерде жаза бірдемелерден айырмайтын болса, онда ол жаза болмаған болар еді. Жазамен келтірілетін айырудың дәрежесі істеген қылмыстың ауырлығына байланысты болады, ол жоғары болған сайын қылмыскер де айыруға көбірек тап болады.

Бірқатар ғалымдар жазалауды жазаның мақсаты ретінде қарастырды. Соның ішінде әсіресе, Н. А. Беляев былай деп жазады: «Жазаның мақсаты ретінде жазалауды біз құқық бұзушыға істеген қылмысы үшін тарттыратын азап шектіру деп білеміз» [1, 25]. Мұндай пікір И.И. Карпецтің де

еңбектерінде бар. Мемлекеттік мәжбүрлеу түріндегі ерекше шара – жазаға жағымсыз құқықтық және моральдық салдарға әкеп соқтыратын соттылық деп аталатын белгі тән.

Жазаны мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының басқа түрлерінен ерекшелеп тұратын белгісі деп, соттың жазаға беретін жағымсыз түрдегі құқықтық бағасы емес, сонымен бірге қылмыскерге және оның істеген қылмысына беретін моральдық бағасын санауға болады.

Аталған белгілер жазаны өзге де мемлекеттік мәжбүрлеу шараларынан айыруға мүмкіндік береді. Мәселен, жаза сот мемлекет атынан шығаратын және мәжбүрлеу тәртібімен іске асырылатын азаматтық істердегі мәжбүрлеп атқару жөніндегі шешімге ұқсас. Алайда азаматтық істердегі жазалау шарасы, біріншіден, қылмыс істеуге қатысты емес, мүліктік немесе мүліктік емес жеке сипаттағы дау-дамайларды шешсе, екіншіден, қылмыстық-құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды (мысалы, соттылық) [2, 331].

Жазаның мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының әкімшілік сөгіс сияқты түрінен де өзгешелігі бар. Бұл сөгістің түрлері әкімшілік заңдарында қарастырылған. Олардың қайсыбірлері жазаға ұқсас болып келеді (мәселен, қамау, түзеу, жұмыстары, айыппұл салу), бірақ олар өздерінің сазай тартқызушылық мазмұны бойынша да, сондай-ақ қолдану тәртібі бойынша да жазаның осы тәріздес түрлерінен айтарлықтай өзгеше. Әкімшілік тұрғыдан ықпал ету (сөгіс беру) шаралары әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатын іс-әрекеттер жасалғаны үшін және мемлекет атынан емес, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам тарапынан қолданылады. Жазаның қызметтегі міндеттерін бұзғандығы үшін қызметтегі бағыныштылық тұрғысында тәртіпке шақыру шараларынан да өзгешелігі баршылық. Сондай-ақ жазаны медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан ажырата білу қажет.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары дегеніміз - мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары, оларды есі дұрыс емес жағдайда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінде көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамдарға, сондай-ақ қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылған және осының салдарынан оларға жаза тағайындау және орындау мүмкін болмайтын адамдарға соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуді ұзартуға, өзгертуге және тоқтатуға, тағайындауға немесе қылмыс жасаған және қылмыс жасау кезінде іс-әрекет ұғынып, ерікті түрде таңдау жасауына әсер еткен есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарға соттың үкімі бойынша тағайындалатын және аталған адамдардың психикалық саулығын қалпына келтіруге, жақсартуға, олардың қоғамға қауіпті жаңа әрекеттер жасауына, өзіне-өзі және өзге адамдарға зиян келтіру қаупін, басқадай елеулі зиян келтіру мүмкіндігін болғызбауға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға бағытталған психиатриялық емдеу болып табылады [2, 335].

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары жаза болып табылмайды, олар аталған адамдардың психикалық денсаулығын қалпына келтіру және олардың психикалық қызметінің бұзылуына байланысты қоғамға қауіпті жаңа іс-әрекет жасауының алдын алу мақсатын көздейді, ал қылмыс жасаған есі дұрыс адамдарға қатысты алғанда – жаңа қылмыстық іс-әрекет жасауының алдын алу” .

Мемлекет адамға мәжбүрлеп емдеуді тағайындауға құқылы болса, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адам осылайша емделуге міндетті.

Бұл адам өзінің психикалық жағдайына және жасаған іс-әрекетінің қауіптілігіне сай келетін медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түріне құқылы.

Демек, мәжбүрлі емдеуді тағайындау кезінде мемлекет осы мән-жайларды ескеруге тиіс.

Қылмыстық жауаптылық заңи жауаптылықтың бір түрі (әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және басқалармен бірге) болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылықтың басталуы даулы мәселе. Оның негізі деген үш айқындама қозғарасып бөліп қарауға болады. Біріншіден, қылмыстық жауаптылық қылмыс істеген адамның істеген әрекетіне заң жүзінде жауап беру міндетті ретінде танылады. Екіншіден, қылмыстық жауаптылық деп, осы көрсетілген міндетті іс жүзінде іске асыру, яғни ең сонында қылмыстық-құқықтық нормалардың санкцияларын іске асыру танылады [3, 190]. Үшіншіден, қылмыстық жауаптылық позитивтік тұрғыдан алғанда (позитивтік қылмыстық жауаптылық деп аталатын) заңға лайықты мінез-құлық негізінде жататын және жеке адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті істемеу жөніндегі өзінің міндеттерін ұғына білуімен көрінетін жауапкершілік ретінде қарастырылады.

Атап өту керек, қылмыстық жауаптылықтың күрделі құбылыстарының ерекшеліктері мен олардың мазмұнын көрсету қасиетіне қарай қылмыстық жауаптылық ұғымына анықтама беруге

жоғарыда аталған көзқарастардың бәрінің де құқығы бар деп айтуға болады. Ең маңыздысы – солардың осы мәселенің мақсаты бағытын және тәжірибедегі қолдану жолдарын дұрыс анықтай білу.

Заңи жауаптылықтың, соның ішінде қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктері құқық бұзушыларға қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, қылмыстық жауаптылық қылмыс істеген адамға қолданылатын қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шараларымен көрінеді. Бұл жағдайда қылмыс істегені үшін қылмыстық-құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шараларына тап болатын адамның қылмыстық жауаптылықты ұғыну міндеті мен осы шаралардың іс жүзіндегі қолданылуы арасында айтарлықтай қайшылықтар жоқ.

Қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шаралары арасынан басты орынды, әрине қылмыстық жауаптылықтың негізгі мазмұнын құрайтын жаза ұғымы алады. Дегенмен, қылмыстық жауаптылық пен жаза ұғымдары бірдей емес. Ең бірінші кезекте ол: «Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды істегені үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді» делінген, ҚР ҚК 2-бабының 2 бөлігінен және «Қылмыс істеу, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады [2, 363]. Бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды» делінген ҚР ҚК 3-бабынан туындайды. Осы заңнамалық ережелерден қылмыстық жауаптылық ұғымының мағынасы жазаға қарағанда әлдеқайда кең екенін білуге болады.

Осы екі ұғымдардың арасындағы айырмашылықтарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстегі «Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату» деп аталатын V бөлімнен байқауға болады. Мұндағы 65-71 баптарда қарастырылған нормалар топтастырылып қылмыстық жауаптылықтан босатуды реттесе, ал 72-78-баптардағы нормалар жазадан босатуды қарастырады.

Осыған байланысты қылмыстық жауаптылықты қылмыс істеген адамға қолданылатын қылмыстық-құқықтық ықпал етудің барық шаралары деп тану керек. ҚР ҚК көрсетілген баптарының мағынасынан келіп, қылмыстық жауаптылық жазаға және жаза болып табылмайтын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шараларына (мысалы, медициналық сипаттағы шаралары) бөлінеді.

Осыларға сәйкес және қылмыстық жауаптылықтың өзі мынандай екі түрге бөлінеді: жаза тағайындаусыз және жаза тағайындаумен. Бірінші жағдайдағы қылмыстық жауаптылық соттаумен қамтылады. Екінші жағдайдағы қылмыстық жауаптылықтың мазмұны адамды тек қана соттау емес, сонымен бірге оған жазалауды қолдану болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Рахметов С.М. Наказание: понятие, цели, виды, порядок и назначение. Учебное пособие. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 296 с.
- 2 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. - 360 б.
- 2 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (том1). – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. - 504 с.